

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательно ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2008 жылғы қаңтар-наурыз
январь-март 2008 года

Астана, 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі

Бас редактор - А. Мешімбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2008 жылдың қаңтар-наурыз-дағы ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электронды түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефон: 8(7172) 74-95-09
Факс: 8(7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жайы: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http/www.stat.kz

Шартты белгілер:

- – құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
... – деректер жоқ

Таралымы: 250 дана
Көлемі = 11,90 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-ж

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ежемесячный информационно-аналитический
журнал**

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - А. Мешимбаева

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-марта 2008г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8(7172) 74-95-09
Факс: 8(7172) 74-95-46
Электронный адрес: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http/www.stat.kz

Условные обозначения:

- – явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
... – данные отсутствуют

Тираж: 250 экз.
Объем = 11,90 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002г. № 3156-ж

Мазмұны

1.	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы қаңтар-наурыздағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары	5
2.	Тауарлар мен қызметтер өндірісі	7
2.1	Өнеркәсіп өндірісі	7
2.2	Ауыл шаруашылығы	12
2.3	Құрылыс	13
2.4	Көлік	16
2.5	Байланыс	17
2.6	Сауда және өзге де қызметтер	19
3.	Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі	21
4.	Сыртқы сауда	24
5.	Инвестициялар	26
6.	Бағалар	29
7.	Қаржы жүйесі	34
8.1	Мемлекеттік қаржы	34
8.2	Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі	36
8.	Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу	43
9.1	Жалданып жұмыспен қамтылу	43
9.2	Жұмыссыздық және жұмыспен қамту	44
9.3	Еібекақы төлеу	45
9.	Халық табысы	46
10.1	Ақшалай табыс	46
10.	Демографиялық процестер және әлеуметтік сала	47
11.	Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау	51
12.	Конъюнктуралық зерттеулер	54
12.1	Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
12.2	Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
12.3	Тұтынушыларды зерттеу	55
13.	Әлемдік экономиканың даму үрдістері	57
13.1	ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	57

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-марте 2008 года	61
2. Производство товаров и услуг	63
2.1 Промышленное производство	63
2.2 СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО	68
2.3 Строительство	69
2.4 Транспорт	72
2.5 Связь	73
2.6 Торговля и прочие услуги	75
3. Мониторинг субъектов малого предпринимательства	77
4. Внешняя торговля	80
5. Инвестиции	82
6. Цены	85
7. Финансовая система	90
7.1 Государственные финансы	90
7.2 Финансово-хозяйственная деятельность предприятий	92
8. Рынок труда и оплата труда	98
8.1 Занятость по найму	98
8.2 Безработица и обеспечение занятости	99
8.3 Оплата труда	100
9. Доходы населения	101
9.1 Денежные доходы	101
10. Демографические процессы и социальная сфера	102
11. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ	106
12. Конъюнктурные обследования	109
12.1 Обследование деловой активности промышленных предприятий	109
12.2 Обследование деловой активности предприятий торговли	109
12.3 Обследование потребителей	110
13. Тенденции развития мировой экономики	112
13.1 Социально-экономическое положение стран СНГ	112

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2008 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-НАУРЫЗДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Экономиканың нақты секторы. 2008 жылғы қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 2361,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздан 3,7% көп. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 6,8%-ға, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 8,7%-ға өсті, өңдеу өнеркәсібінде 1,2%-ға азайды.

2008 жылғы қаңтар-наурызда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 112,5 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 3,7% өсті.

2008 жылғы қаңтар-наурызда жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 437,9 млн. тоннаны құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2,6% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 501,3 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 4,3% артты.

2008 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 619,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда 16,0% артық.

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 273016 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 257890. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 184527. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 170433 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 123768.

Сыртқы сауда. 2008 жылғы қаңтар-ақпанда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 14892,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 41,8% өсті, соның ішінде экспорт – 10289,8 млн. АҚШ доллары (62,0% өсті), импорт – 4602,3 млн. АҚШ доллары (10,9% өсті) болды.

Баға. Тұтыну бағаларының индексі 2008 жылғы наурызда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 102,5% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 3,7%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 1,6%, ақылы қызметтер – 1,8% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағалары 2008 жылғы наурызда 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 6,3% өсті.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2008 жылғы 1 наурызға 562,6 млрд. теңгені, ал шығын – 403,4 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 69,4% артты, шығындар 21,2% өсті.

Есеп берген кәсіпорындар мен ұйымдардың деректері бойынша 2007 жылғы IV тоқсанда қаржы нәтижесі табыс есебінде 1107,9 млрд. теңге сомасында анықталды, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңнен 47,5% жоғары. Пайдалылық деңгейі – 34,9%. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан залалды кәсіпорындардың үлесі 40,5% құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2008 жылғы ақпанның соңына 7239,5 млрд. теңгені құрады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 80,6%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 43,2% құрады. 2008 жылғы ақпанның соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 3967,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 24,7% көп, халық депозиттері 1455,4 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 35,1% көп.

Еңбек рыногы. 2008 жылғы наурызда жұмыссыздар саны, сараптамалық бағалау бойынша, 570,5 мың адамды, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздық деңгейі 6,8%, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдар саны ағымдағы жылғы наурыздың соңында 62,0 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі – 0,8%.

Халықтың табысы. 2008 жылғы ақпанда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 28201 теңгені құрап, 2007 жылғы ақпанмен салыстырғанда – 22,3%, нақты ақшалай табысы – 3,0% өсті.

2008 жылғы ақпанда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 54612 теңгені құрап, 2007 жылғы ақпанмен салыстырғанда 19,5% өсті. Нақты жалақы 0,6% көбейді.²⁾ 1-баған – 2008 жылғы қаңтар-ақпан; 2-баған – 2008 жылғы ақпан; 3-баған – 2008 жылғы қаңтар-ақпан 2007 жылғы қаңтар-ақпанға %-бен; 4-баған - 2008 жылғы ақпан 2007 жылғы ақпанға %-бен; 5-баған – 2008 жылғы ақпан 2008 жылғы қаңтарға %-бен.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар

А	Әлшем бірлігі	2008 жылғы қаңтар-наурыз	2008 жылғы наурыз	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен		2008 жылғы наурыз 2008 жылғы ақпанға %-бен
				2008 жылғы қаңтар-наурыз	2008 жылғы наурыз	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор ¹⁾	%-бен					...
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	2361,8	863,1	103,7	104,2	110,0
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	112,5	43,7	103,7	104,0	126,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі	млрд. теңге	174,5	80,7	108,5	115,5	149,3
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	619,8	240,4	116,0	117,2	116,7
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	437,9	148,5	102,6	101,7	106,1
Байланыс қызметтерінің көлемі	млрд. теңге	96,2	31,7	128,8	135,5	99,7
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	501,3	173,5	104,3	103,0	105,1
Сыртқы сауда айналымы ²⁾³⁾	млн. АҚШ доллары	14892,1	7409,2	141,8	157,1	99,0
соның ішінде:						
экспорт		10289,8	5109,7	162,0	189,0	98,6
импорт		4602,3	2299,5	110,9	114,3	99,9
Тұтыну бағаларының индексі				118,7	102,5 ⁴⁾	100,6
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				139,4	106,3 ⁴⁾	105,4
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		570,5		91,9	99,2
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау) ²⁾	теңге	55806	28201	122,1 ⁵⁾	122,3 ⁵⁾	102,2
Нақты ақшалай табыс (бағалау) ²⁾	%-бен			102,8 ⁵⁾	103,0 ⁵⁾	101,3
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы ²⁾ :						
атаулы	теңге	54534	54612	119,4	119,5	100,3
нақты	%-бен			100,5	100,6	99,5
Қаржы көрсеткіштері						
М3 ақша жиыны ⁶⁾	млрд. теңге		4651,5		122,6	101,2
Айналымдағы қолма-қол ақша ⁶⁾	млрд. теңге		683,9		111,5	101,0
Банк жүйесіндегі депозиттер ⁶⁾	млрд. теңге		3967,5		124,7	101,2
соның ішінде халық депозиттері	млрд. теңге		1455,4		135,1	101,4
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі ⁶⁾	млрд. теңге		7239,5		144,0	99,9
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд. теңге		5837,6		154,9	100,4
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы ⁷⁾	%-бен	34,9				
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі (кезең соңына) ⁷⁾	млрд. теңге	4751,7		125,1		
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі (кезең соңына) ⁷⁾	млрд. теңге	10735,6		123,0		

¹⁾ Алты сала (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) өсуінің нақты қарқыны бойынша есептеледі.

²⁾ 1-баған – 2008 жылғы қаңтар-ақпан; 2-баған – 2008 жылғы ақпан; 3-баған – 2008 жылғы қаңтар-ақпан 2007 жылғы қаңтар-ақпанға %-бен; 4-баған - 2008 жылғы ақпан 2007 жылғы ақпанға %-бен; 5-баған – 2008 жылғы ақпан 2008 жылғы қаңтарға %-бен.

³⁾ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.

⁴⁾ 2007 жылғы желтоқсанға.

⁵⁾ 2007 жылғы қаңтар-ақпандағы және ақпандағы нақтыланған деректерге %-бен.

⁶⁾ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2008 жылғы ақпанның соңына.

⁷⁾ 2007 жылғы IV тоқсан.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген.

Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.


2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 103,7% (тиісінше, 2005ж. – 104,3%, 2006ж. – 102,6%, 2007ж. – 109,6%) құрады. Есепті кезеңде қолданыстағы бағамен 2361,8 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана, Алматы қалаларынан басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалды.


Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Тұтастай өнеркәсіп бойынша нәтижелердің қалыптасуына кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етеді. Мұның өзінде, оның үлесі республикалық өндіру көлемінде соңғы жылдары артып, 2008 жылғы қаңтар-наурызда 64% (2006-2007 жылдары ол 58-57%) құрады. Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 29,2%-ы (37-38%) келеді.


2007-2008 жылдардағы қаңтар-наурызда өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 1511,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 6,8%-ға жоғары. Мұнай өндіру негізі Атырау және Маңғыстау облыстарының кәсіпорындарында артты. Сондай-ақ, табиғи газ, газ конденсаты, көмір өндірісі өсті. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында мыс қойыртпасындағы мыс, Қостанай облысында теміркөнді шекемтастар шығару қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті айға %-бен



Өңдеу өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 689,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 1,2%-ға төмен. Тамақ өнімдерің, сусындарды қоса; өзге де металл емес минералды өнімдерді; қара және түсті металдарды; көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру қысқарды.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2008 жылғы қаңтар-наурызда 145,4 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді, оның ішінде **тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса**, 129,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы қаңтар-наурыздан 4%-ға кем болды. Дайындалған және консервіленген балық, жеміс шырындары, күнбағыс, мақта және жүгері майы, сүт, сары май, ұн, кондитерлік өнімдерін шығару төмендеді. Ет, шұжық өнімдері, жарма, қант, макарон өнімдерін шығару өсті.


2008 жылғы қаңтар-наурызда **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 5,4 млрд. теңгеге өнім өндірілді. 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда нақты көлем индексі 96,5% құрады. Мақта талшығының (Оңтүстік Қазақстан облысы); кілем, кілем бұйымдарын және қалпақтар, бас киімдер (Алматы қаласы) шығару төмендеді. Мата; свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас заттарын шығару артты.

2008 жылғы қаңтар-наурызда 729 млн. теңгенің **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдары мен аяқкиімдері** өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 2,4 есе жоғары. Аяқ киімдер және ірі қара малдың терісінен жасалған былғары өндіру өсті. Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындарымен қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары шығару төмендеді.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2008 жылғы қаңтар-наурызда 1,5 млрд. теңгені немесе 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге 98,2% құрады. Ағаш талшығынан жасалған тақталар (Шығыс Қазақстан облысы); терезелер, есіктер және олардың рамаларын (Алматы қаласы); паркет (Қарағанды облысы) шығару қысқарды. Ағаш материалдары, ағаштан жасалған сіңдірілген теміржол немесе трамвай шпалдарың, ағаш жәшіктерінің өндірісі өсті.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 14,1 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге 102,5% құрады. Алматы қаласының кәсіпорындарында кеңірдектелген қағаз және қатырма қағаз; газеттер және журналдар; заттаңбалар және құлақша қағаздар шығару төмендеді. Мұның өзінде, тұсқағаз, кітаптар және кітапшалар шығару артты.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2008 жылғы қаңтар-наурызда **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 54,1 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 3%-ға жоғары. Негізі Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының кәсіпорындарында мотор отынның (бензин), газойльдер, отындық мазут, сұйылтылған пропан және бутан өндіру артты. Сонымен бірге, керосин және көмірсутекті сұйылтылған газдар шығару төмендеді.

Химия өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 17,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағыдан 2,7%-ға жоғары болды. Минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар, ортофосфор (фосфор) қышқылын, натрий трифосфатын және бихроматын, хром тотығын шығару артты. Хром илегіш және хром триоксиді (Ақтөбе облысы); күкірт қышқылының (Қарағанды облысы); минералды немесе химиялық фосфорлы тыңайтқыштар, фосфор (Жамбыл облысы) өндірісі қысқарды.


2008 жылғы қаңтар-наурызда **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 11 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге 107,1% құрады. Резеңкеден және пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; конвейерлік резеңке ленталар; пластмассадан жасалған есіктер және терезелер шығару өсті. Пластмассадан жасалған тақталар, табақтар мен жолақтар (Алматы облысы және Алматы қаласы) өндіру төмендеді.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 34,2 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 21,7%-ға аз. Құрылыс материалдары: цемент, әк, тақтайшалар, кірпіштер, тауарлық бетон, құрылыс конструкцияларын шығару қысқарды (Шығыс Қазақстан облысы, Астана, Алматы қалалары). Фарфордан жасалған асхана және ас-үй ыдыстары; шыныдан жасалған бөтелкелер, қалбырлар мен флакондар шығару артты.

Металлургия өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге нақты көлем индексі 98,7% құрады. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 44,2%-ы келеді. Өткен кезеңде 131,2 млрд. теңгенің қара металлургия, 158,5 млрд. теңгенің түсті металлургия өнімі өндірілді. **Қара металлургияда** Қарағанды облысында жалпақ илек және шойын шығаруының азаюына байланысты өндіріс 0,6%-ға төмендеді. **Түсті металдар өндірісінде** нақты көлем индексі 96,5% құрады. Тазартылған мыс, тазартылған күміс, мырыш (Қарағанды облысы), қорғасын (Шығыс Қазақстан облысы) өндіру қысқарды. Тазартылған және өңделмеген алтын, алюминий тотығы және мыс сымдарын шығару артты.

Дайын металл бұйымдарын өндіру 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейге 101,4% құрады. Металл конструкциялары, орталықтан жылыту жүйесіне арналған қазандықтар мен радиаторлар; қара металдан жасалған раковиналар мен жуғыштар шығару өсті. Қара металдан жасалған цистерналар, бөшкелер және жәшіктер; мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар шығару қысқарды.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2008 жылғы қаңтар-наурызда **машина жасау саласында** 62,2 млрд. теңгеге өнім өндірілді. 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,8% құрады.


Машиналар мен жабдықтар шығаруда 2008 жылғы қаңтар-наурызда 23,2 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 22,9%-ға жоғары. Мойынтіректер; тракторлар; жинау машиналарының; мұнай кәсібіне арналған жабдықтар шығару артты. Мұнымен қатар, тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар; кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар (Алматы қаласы) және мұнай-газды қайта өңдейтін жабдықтар (Батыс Қазақстан облысы) шығару қысқарған.

2008 жылғы қаңтар-наурызда **электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар** 14,4 млрд. теңгеге өндірілген. 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда нақты көлем индексі 92,1% құрады. Қорғасын-қышқылды электр аккумуляторлары (Алматы облысы); оқшауландырылған сымдар мен кабельдер (Қарағанды облысы); цифрлық есептеу машиналары, теледидарлар, сұйықтықтың және электр энергиясын санаушының (Алматы қаласы) өндірісі төмендеді. Алматы қаласында магнитофондар шығару тоқтатылды. Электр трансформаторлар мен конденсаторлар шығару артты.

2008 жылғы қаңтар-наурызда **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 24,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2%-ға төмен болды. Ақмола облысында жүк тасымалдайтын автомобильдер және Солтүстік Қазақстан облысында қозғалтқыштар бөлшектері 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда аз шығарылған. Жолаушыларға арналған жеңіл, он және одан көп адамдарды тасымалдайтын, арнайы және мамандандырылған автомобильдер шығару өсті.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2008 жылғы қаңтар-наурызда 11,1 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздан 17,1%-ға төмен болды. Қаңқасы ағаштан жасалған отыруға арналған жиһаз; ағаштан жасалған кеңсе және ас үйге арналған жиһаз; зергерлік бұйымдар және спорт тауарларының шығару төмендеді. Қаңқасы металдан жасалған отыруға арналған жиһаз; металдан жасалған кеңсе жиһаз; ағаш төсектер өндірісі өсті.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы




Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда нақты көлем индексі 108,7% құрады.

Электр энергиясын өндіру 2008 жылғы қаңтар-наурызда 22,9 млрд. кВт. сағ. құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 7,6%-ға жоғары. Ақмола, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс өсті.

Жылу энергиясын өндіру 36,3 млн. Гкал құрады немесе 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 7,5%-ға көп. Атырау облысы және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс артты.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2.2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ


Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2008 жылғы қаңтар-наурызда тұтастай республика бойынша (бағалау бойынша) ағымдағы бағаларда 112,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 3,7%-ға көп.

Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында мал төлдеу және оны сатып алудың өсуі есебінен ірі қара мал санының (3,9%), қой мен ешкінің (6,1%), шошқа (4,8%), жылқының (6,2%), түйенің (5,0%) және құстың (7,5%) өсуі байқалды.

Ауыл шаруашылығы малдары мен құс саны




2008 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі союға өткізудің артуы және малдың тірідей орташа салмағының өсуі есебінен 104,1% құрады. Мал мен құстың барлық түрлерін өткізу (102,0%-дан 108,7%-ға дейін) артты. Ірі қара мал бір басының орташа тірідей салмағы 293 кг, қой мен ешкі – 37 кг, жылқы – 313 кг құрады.

Сауылатын сиырдың орташа санын (3,1%-ға) және сүт бағытындағы бір сиырға сүттің орташа сауылуының (1,1%-ға) өсуі есебінен сиыр сүтін өндіру 4,2%-ға өсті.

Мекиен тауықтың орташа басының 2,6%-ға өсуі есебінен жұмыртқа өндірісі 1,8%-ға өсті.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



Мал азығының қолда бары. 2008 жылғы 1 сәуірге ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 95,7 мың тонна құнарландырылған мал азығы (өткен жылғы деңгейге 113,0%), 181,5 мың тонна шөп (112,5%), 58,4 мың тонна пішендеме (126,1%), 75,3 мың тонна сабан (124,1%), 187,0 мың тонна сүрлем (91,8%) болды. Бұл азық өлшемі бірлігінде 248,6 мың тоннаны құрады немесе өткен жылғы деңгейден 13,8%-ға жоғары. Орта есеппен бір шартты ірі қара мал басына шаққанда азық өлшемі бірлігінің 3,4 центнері келеді немесе өткен жылғыдан 13,3%-ға көп.


2.3 ҚҰРЫЛЫС ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗМЕТІ

2008 жылғы қаңтар-наурызда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, бағалауды есептегенде, 174,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 8,5%-ға көп.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы едәуір – 77,4% болды. Шетелдік мердігерлер – 22,1%, мемлекеттік ұйымдар – 0,5%-ын орындады.

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі


өткен жылғы тиісті айына %-бен



Орындалған жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі (жалпы көлемнің 56%-ы) басым құрады (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 63,1%).

Орындалған құрылыс жұмыстарының түрлері бойынша құрылымы


пайызбен



Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда республиканың 12 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының едәуір өсуі Ақмола (1,6 есеге), Ақтөбе (1,5 есеге), Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қарағанды (1,3 еседен) облыстарында және Алматы қаласында (1,3 есеге) байқалды.

Жалпы республикалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы елеулі үлес (жалпы көлемнен барлығы 60%-дан артық) алады.


Өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері



2008 жылғы қаңтар-наурызда 6177 ғимараттар салынды, оның ішінде 5351 тұрғын және 826 тұрғын емес мақсаттағы. Пайдалануға берілген тұрғын емес мақсаттағы объектілердің едәуір саны сауда – 346, сондай-ақ көлік және байланыс саласына келеді – 252.

Денсаулық сақтау және білім беру саласында 17 объект пайдалануға берілді, оның ішінде 2 – жалпы білім беретін мектеп, 1 – мектепке дейінгі мекеме, 14 – амбулаторлық-емханалық мекеме.

Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру




ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

2008 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемінің 20,2%-ы тұрғын үй құрылысына (124,9 млрд. теңге) бағытталды, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурызда игерілген инвестициядан 1,4 есе көп.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және халықпен жалпы алаңы 1575,8 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 3,6%-ға жоғары. Жеке кәсіпорындармен, ұйымдармен және жеке тұрғындармен тұрғын үйлерді пайдалануға беру басым болып қалып отыр (пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй көлемінің 89,3%-ы), мұнда едәуір көлемді жеке тұрғын үй құрылысы (48,1%) алады. Мемлекеттік және шетел кәсіпорындары мен ұйымдарымен тұрғын үйдің жалпы көлемінің тиісінше 2,5% және 8,2%-ы пайдалануға берілді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға берудің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемінің өсуі республиканың 7 өңірінде байқалады. Елеулі өсуі Шығыс Қазақстан (2,4 есе), Ақмола (1,9 есе), Атырау (1,4 есе) облыстарында және Астана қаласында (1,7 есе) байқалды.

Тұрғын үйлер құрылысының құны. Тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метр құрылысының орташа нақты құны 2008 жылғы қаңтар-наурызда 59,9 мың теңге, соның ішінде жеке тұрғындармен салынғаны – 40,5 мың теңгені құрады.

2.4 КӨЛІК

2008 жылғы қаңтар-наурызда республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 85709,9 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы жүк айналымынан 8,5%-ға көп.


Темір жол көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-наурызда 52289,8 млн. ткм құрады, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда 12,8%-ға жоғары болды.

2008 жылғы қаңтар-наурызда **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 12210,7 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда 8,8%-ға көп.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-наурызда 21192,0 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурыздан 0,9%-ға аз. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 10910,0 млн. ткм (Құмкөл-Атасу-Алашанькоу бағыты бойынша мұнай айдау есебінен 2007 жылғы қаңтар-наурызда 4,7%-ға артты), газ – 10282,0 млн. ткм құрады (орта азиялық және ресей газының транзит көлемінің төмендеуі есебінен 6,2%-ға кеміді).


Әуе көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-наурызда 14352,8 мың ткм құрап, 2007 жылғы қаңтар-наурыздан 1,8%-ға артты.

Жүк айналымының серпіні



Жолаушылар айналымы 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 4,0%-ға артты және 26559,0 млн. жкм құрады, соның ішінде, автобустарда – 4,9%, таксиде – 3,3%, әуе көлігінде – 30,0%-ға артты, бұл халықтың көшіп-қонуының өсуі және сапарлар ұзақтығының артуына байланысты болды. Сонымен қатар темір жол көлігінің жолаушылар айналымы 6,3%, троллейбустағы – 39,9%, трамвайдың – 11,6%-ға төмендеуі байқалды.


Жолаушылар айналымының құрылымы



2.5 БАЙЛАНЫС


2008 жылғы қаңтар-наурызда жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 96,2 млрд. теңге сомада қызмет көрсетті, соның ішінде халыққа көрсетілгені – 40,0 млрд. теңге, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда салыстырмалы бағада, тиісінше – 28,8% және 29,0%-ға көп.

2008 жылғы қаңтар-наурызда байланыс қызметтерінен түскен табыстар



Телекоммуникациялық рыноктың дамуына жаңа қуаттарды іске қосу, Интернеттің, жедел әрекетті байланыстың ұдайы дамуы және үлкен корпоративтік желілердің құрылуы ықпал етеді.


Байланыс қызметтерінің серпіні



2008 жылғы қаңтар-наурызда байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс – 52,6% құрайды. 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 34,3%-ға өсті.

Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы


пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыс – 41,6% құрады. 2008 жылғы қаңтар-наурызда халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 58,6% – жедел әрекетті байланыс қызметтері, 18,1% – қалааралық, халықаралық байланыс қызметтері, 10,6% – жергілікті телефон байланысы қызметтері, 12,7% – байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрайды.

2008 жылғы қаңтар-наурызда халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге




2.6 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2008 жылғы қаңтар-наурызда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 501,3 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 4,3%-ға артты. 2008 жылғы наурызда тауар өткізу 173,5 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2007 жылғы наурыздағы деңгейден 3%-ға жоғары, 2008 жылғы ақпанмен салыстырғанда өсім 5,1% құрады.

2007-2008жж. айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Қаңтар-наурызда тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 32,2 мың теңгені құрады, бұл 2007 жылғы осы кезеңге қарағанда 5,1 мың теңгеге жоғары.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінең, жеке кәсіпкерлер саудасы және базарлардағы сауда айналымынан 485,8 млрд. теңге (96,9%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан – 15,4 млрд. теңге (3,1%) алынды.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

жалпы көлемге %-бен



Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылдың тиісті кезеңіне 7,4%-ға) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейімен және сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2007 жылғы қаңтар-наурызда 54,8%-дан 2008 жылғы қаңтар-наурыздағы 56,4%-ға дейін) тоқтаусыз артуда.

Тұрақты сауда желісі қызметінің дамуына сауда нысанының қазіргі заманғы және озық түрлерін енгізу ықпал етуде. Барлық өңірлердегі сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату енгізілуде. Төлемдік электрондық көршікелерді пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс атуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады. Сауда кәсіпорындары желісінің тартымдылығы сатып алушыларға сатқаннан кейінгі көрсетілетін сервис қызметімен қамтамасыз етіледі.

Тауар айналымын қалыптастыруда жеке кәсіпкерлік елеулі үлесті құрайды - 22,8%.

Рыноктардағы сауда тауар айналымының жалпы көлемінен 20,8%-ды құрайды.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда 1156,2 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы тиісті кезеңнен 0,7%-ға көп болды. Мұның өзінде, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2008 жылғы қаңтар-наурызда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 22,8 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезеңнен 12,6%-ға көп болды. Мұнда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 13,9%-ын жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 4,2 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (52,2%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ МОНИТОРИНГІ

Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2008 жылғы қаңтар-наурызда шығарылған өнімдері (тауарлар, қызмет көрсетулер) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 5,2%-ға өсті және 437653,4 млн. теңгені құрады.


өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен

	Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны	Жұмыспен қамтылғандар саны	Өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару
Қазақстан Республикасы	115,3	112,3	105,2
Ақмола	117,9	109,4	106,4
Ақтөбе	133,4	106,5	101,3
Алматы	117,1	115,0	106,7
Атырау	113,3	114,0	96,8
Шығыс Қазақстан	116,5	111,0	116,4
Жамбыл	119,7	117,7	94,3
Батыс Қазақстан	115,4	115,9	103,1
Қарағанды	110,5	109,5	113,0
Қостанай	122,8	108,9	102,4
Қызылорда	110,4	106,6	79,2
Маңғыстау	124,6	121,2	93,8
Павлодар	112,2	108,0	109,6
Солтүстік Қазақстан	107,4	104,4	105,3
Оңтүстік Қазақстан	100,2	103,0	98,2
Астана қаласы	126,6	131,8	119,1
Алматы қаласы	122,7	115,9	100,1

Шығарылған өнімдердің өсуі барлық өңірлерде тіркелді, едәуір өсуі Астана қаласында, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында байқалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) құрылымы

пайызбен




Рынокта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2008 жылғы 1 сәуірге өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 15,3%-ға артып, 657520 бірлікті құрады, оның ішінде 56246 заңды тұлғалар, 431681 – жеке кәсіпкерлер және 169593 шаруа қожалықтары.

Республиканың барлық өңірлерінде белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы санының артуы белгіленді. Олардың санының ең көп артуы Ақтөбе (10,8 бірлікке), Қостанай (10,3 бірлікке), Маңғыстау (9,4 бірлікке) облыстарында, сонымен қатар Астана қаласында (8,7 бірлікке) да едәуір өсті. Басқа өңірлерде көрсеткіштің артуы 8 бірлікке дейін құрады.

Белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы саны бойынша өңірлердің бөлінуі


бірлік



Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 12,3%-ға артып, 1851181 адамды құрады.

Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны


мың адам



2008 жылғы 1 сәуірге шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыспен қамтылғандар санының ең көп артуы өткен жылғы тиісті көрсеткішпен салыстырғанда Астана қаласында (31,8%), Маңғыстау (21,2%-ға), Жамбыл (17,7%) облыстарында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде арту шамалы пайызды құрады.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының құрылымы

пайызбен




4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2008 жылғы қаңтар-ақпанда 14892,1 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 41,8%-ға артты, оның ішінде экспорт – 10289,8 млн. АҚШ доллары болып, 62,0%-ға артты, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға кеткен шығыстарды есепке алғанда) – 4602,3 млн. АҚШ долларын құрап, 10,9%-ға артты.


Экспорттың тауарлық құрылымы



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Италия (17,8%), Швейцария (16,2%), Қытай (9,7%), Франция (8,0%), Ресей Федерациясы (7,9%), Нидерланды (3,9%), Иран (3,5%), Украина (3,1%), Түркия (3,0%).

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 15,5% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 16,1%) құрады.

Импорттың тауарлық құрылымы



2008 жылғы қаңтар-ақпанда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 1955,4 млн. АҚШ долларын немесе 42% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 1942,1 млн. АҚШ доллары немесе 46,8%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-ақпанда барлық импорттық жеткізілімдердің 47,1%-ы ТМД елдеріне (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 41,6%) келеді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің – 37,9%-ы), Қытай (11,0%), Германия (7,3%), Украина (5,6%), АҚШ (4,7%), Жапония (3,9%), Италия (3,1%), Түркия (2,6%), Франция (2,2%), Ұлыбритания (1,6%).

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-ақпанда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 3761,9 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 36,9%-ға артты, оның ішінде экспорт – 1595,7 млн. АҚШ доллары болып, 56,5%, импорт – 2166,2 млн. АҚШ долларын құрап, 25,3%-ға артты.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 25,3% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 26,2%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-ақпанда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 50% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 47%), азық-түлік тауарлары – 15% (15%), химиялық өнімдер – 10% (17%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-ақпанда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 21% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 23%), минералды өнімдер – 37% (33%), металлургия өнімдері – 15% (16%), химия тауарлары – 7% (9%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химия және металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2008 жылғы қаңтар-ақпанда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстар импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 95% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 95%), металлургия өнімдері – 56% (51%), азық-түлік тауарлары – 62% (60%), химия тауарлары – 34% (39%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-ақпанда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 11130,2 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 43,5%-ға артты, оның ішінде экспорт – 8694,1 млн. АҚШ доллары болып, 63,0%, импорт – 2436,1 млн. АҚШ долларын құрап, 0,5%-ға артты.

2008 жылғы қаңтар-ақпанда әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы – 77% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 71%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 10% (19%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-ақпанда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 60% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 66%), азық-түлік тауарлары – 6% (4%), химия өнімдері – 12% (10%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 11% (11%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: 2008 жылғы қаңтар-ақпанда осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдері импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі – 76% (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 80%), фармацевтикалық тауарлардың – 88% (86%), киімдердің – 88% (84%), азық-түлік тауарларының үлесі – 38% (40%) құрады.


5. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2008 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі бағалау есебімен 619,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы сәйкес кезеңнен 16%-ға көп.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Негізгі капиталға салынған инвестициялардың артуы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың көптеген өңірінде байқалды. Жабдық сатып алуға, сондай-ақ кірпіш және асфальт зауыты құрылысына жұмсалған шығындардың артуынан Ақмола облысында (64,9%-ға) елеулі өсуі байқалды. Батыс Қазақстан облысында өсім 64,1% құрады, мұнда магистралды газ құбырының құрылысы белсенді қарқынмен инвестицияланды. Мұнай кен орындарын жайластыруға шығындардың артуына байланысты Қызылорда облысында (60,5%-ға) инвестициялар көлемі өсті.

Инвестициялық жобалардың аяқталуына байланысты Жамбыл облысында (23,1%-ға), Маңғыстау облысында (11,4%-ға), Алматы қаласында (6,1%-ға), Шығыс Қазақстан облысында (2,9%-ға) және Солтүстік Қазақстан облысында (0,9%-ға) инвестициялар көлемі қысқарды.

Өңірлер бойынша негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Едәуір белсенді инвесторлар жеке меншік нысандардың шаруашылық жүргізуші субъектілері болды. Олармен негізгі капиталға салынған инвестициялардың 60,9%-ы игерілді. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын басқа мемлекеттер кәсіпорындары мен ұйымдарының үлес салмағы 29,4% құрады. Мемлекеттік сектордың үлесіне – 9,7% келеді.

Инвестицияның технологиялық құрылымында 56,3%-ды ғимараттар мен үйлердің құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары, 26,7% - машиналар, жабдықтар, құралдар, құрал-саймандар, 17% - өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар құрады.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

пайызбен




Инвестициялық тартымдылығы бойынша инвестициялаудың басым салалары өндіріс негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінің – 43,6%-ы, соның ішінде мұнай және табиғи газ өндіру, осы салаларда қызмет көрсету – 29,1% және өңдеу өнеркәсібі – 6,9%, ал жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету – 33,2% болып қалады.

2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда ауыл шаруашылығына инвестициялық салымдар 44%, кен өндіруге – 10,1%, электр энергиясың, газ бен суды өндіру және бөлуге – 29,7%, құрылысқа – 0,9%-ға өсті. Көлік пен байланыс саласына - 20,3%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету - 16,8%-ға көп инвестиция салынды. Өңдеу өнеркәсібіне (14,2%), сауда, автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке басқа пайдаланатын заттарға (17%) қаражат 2007 жылғы тиісті кезеңнен аз инвестицияланды.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

инвестицияның жалпы көлеміне пайызбен




Жеке меншік қаражаттар негізінен кен өндіру өнеркәсібіне және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсетуге (көрсетілген қаражат көздерінен тиісінше 40,8% және 21,8% инвестиция) бағытталған. Бюджеттік қаражаттың ең көп бөлігі (27,3%) көлік пен байланыстың дамуына бөлінді. Қарыз қаражаттың едәуір үлесі қызметтің «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету» (75,5%) түрінде игерілді.

Шетел инвестицияларының көп бөлігі (59,5%) кен өндіру өнеркәсібін дамытуға бағытталды. Шетел инвесторлары үшін ең тартымды Атырау облысы болды, мұнда есепті кезеңде барлық шетелдік инвестицияның 67,9%-ы игерілді.

2007-2008 жылдардағы тұрғын үй рыногындағы багалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге баға өсуінің әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылғы наурызда 0,4%, ақпанда 0,6% құрады.

2008 жылғы Қазақстан Республикасындағы инфляция

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	2008ж. наурыз			2008ж. қаңтар-наурыз 2007ж. қаңтар-наурызға
	2008ж. ақпанға	2007ж. желтоқсанға	2007ж. наурызға	
Инфляция	0,6	2,5	18,7	18,7
Базалық инфляция	0,4	1,9	18,1	18,3
Ақшалай табысы ең төмен халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,8	2,8	22,9	22,8
Ақшалай табысы ең жоғары халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,6	2,7	17,1	17,1

2008 жылғы наурызда 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орташа халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 9,3%-ға, өткен айға қарағанда – 1,8%-ға өсті және 11769 теңге (тағам өнімдері – 7061 теңге, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 4708 теңге) құрады. 2008 жылғы наурызда оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,7%, сүт, май-тоқ май өнімдері мен жұмыртқаны – 16,6%, жемістер мен көкөністерді – 13,7%, нан өнімдерін – 9%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2% құрады.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағалары, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса ағымдағы жылғы наурызда ақпан айына қарағанда 5,4%-ға өсті. Өндірілген өнім бір ай ішінде 5,7%, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер – 0,2%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобынан өндіріс құралдарының бағасы 1,2%, тұтыну тауарлары – 0,9%, аралық тұтыну өнімдері – 6,2%-ға өсті.

2008 жылғы Қазақстан Республикасында өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағаларының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2008ж. наурыз				2008ж. қаңтар– наурыз 2007ж. қаңтар-наурызға
	2008ж. ақпанға	2007ж. наурызға	2007ж. желтоқсанға	2005ж. желтоқсанға	
Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулерді қоса	5,4	47,0	6,3	60,7	39,4
Өндірілген өнім	5,7	49,7	6,6	63,7	41,6
Өндіріс құралдары	1,2	34,4	13,8	49,4	31,7
Аралық тұтыну өнімдері	6,2	53,5	6,6	67,7	44,4
Тұтыну тауарлары	0,9	16,3	4,5	28,0	15,8
Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер	0,2	8,0	1,4	19,2	7,6

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы наурызда ақпан айына қарағанда 102,2%, 2007 жылғы желтоқсанға – 105,6% құрады.


Кен өндіру өнеркәсібінде ағымдағы жылғы ақпанда байқалған өндірушілер бағасының төмендеуі өткен айда олардың 6,4%-ға өсуімен алмасты. Мұнайдың сыртқы сауда конъюнктурасының жақсаруына байланысты ол отандық өндірушілерде 7,9%-ға қымбаттады. Өткен айда ішкі рыноктағы мұнай бағасының өсуі өндірушілерде оның дизель отынына 0,9%, керосинге – 0,3%-ға көтерілуіне әкеп соқты. Республикада өндірілген автомобиль бензині 0,3%-ға арзандады, оған ағымдағы жылғы ақпанда 2007ж. желтоқсанға қарағанда оның импорттық түсімі көлемінің 1,6 есеге өсуі есебінен рыноктың толығыуы себепші болды. Осы уақытта республикада газ конденсатын өндіру бағасы 3%, тас көмірдің – 1,4%, металл кендерін – 0,6%, табиғи газды – 0,4%-ға өсті.

Отын-энергетикалық ресурстар жалпы бір ай ішінде 6,3% қымбаттады, бұл өнеркәсіптегі баға серпініне 3,8% оң «салым» қосты.

Өңдеу өнеркәсібінде өндірушілер бағасының өсімі ағымдағы жылғы ақпандағы 3,4%-дан наурызда 4,2%-ға дейін үдеді. Бұл металлургия өнеркәсібі өніміне бағаның 8,1% өсуіне байланысты. Түсті металдар бағасы 9,7%, ферроқорытпалар – 9,1%, қара металдар илегі – 2,2%-ға өсті, бұл олардың әлемдік рыноктардағы өнімнің осы түрлеріне өзгеруіне байланысты болды.

2007-2008жж. энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Өткен айда ағаш конструкцияларына баға өсімі 5,3%, тоқыма және тігін өніміне – 5,2%, ал қағаз және қатырма қағазға – 0,5%-ға төмендеуі тіркелді. Минералды тыңайтқыштардың 4,1%-ға қымбаттауының әсерінен химия өнеркәсібіндегі баға 2,4% өсті.

Республикада өндірілген тамақ өнімдерінің бағасы ағымдағы жылғы наурызда 2,2%-ға (ақпанда – 1,9%) өсті. Олардың серпіні көбіне ауыл шаруашылығы шикізатына бағаның өзгеруіне байланысты болды. Астық бағасының көтерілуінің әсерінен өндіруші кәсіпорындарда макарон өнімдері бағасының 13,2% және бидай ұнына – 5%-ға өсуі белгіленді. Мал етін өткізудегі бағаның ұқсас өзгерісі өнеркәсіп өндірісінде осы өнімге олардың 1,7%, сонан соң оның қайта өңделген өніміне 2,7%-ға өсуіне әсер етті. Осы уақытта құс еті 0,8%-ға

арзандады. Йогурт және қоюландырылған сүт бағасы деңгейінің өзгеріссіз қалуымен қатар, сүт өнімдеріне бағаның ірімшік және сүзбеге – 3,1%, сары майға – 1,7%, қаймаққа – 1,5%, өңделген сұйық сүтке – 1%-ға маусымдық өсуі жалғасты.

Байқалған өндірістік сипаттағы қызметтерден өткен айда газет басып шығару бойынша қызметтер тарифтерінің 5,9%, машиналар мен жабдықтар жөндеуде – 1,6% өсуі, ал өңірлік электр стансаларымен электр энергиясын тасымалдауда керісінше 0,6%-ға төмендеуі тіркелді.

Өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық үдеріс үшін сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылғы наурызда ақпан айына қарағанда 101,8% құрады. Республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы бір айда 2%, алыс шетелден – 1,7%, жақын шетелден – 0,8%-ға өсті.

Республикадан шығарылған тауарлардың бағасы ағымдағы жылғы қаңтарда 2007ж. желтоқсанмен салыстырғанда 3%, жақын шетелге – 3,1%, алыс шетелге – 3%-ға өсті. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтарындағы шикізаттар ағымдағы жылғы қаңтарда 2007ж. желтоқсанмен салыстырғанда 4,4%, дайын тауарлар – 1%-ға қымбаттады, ал жартылай дайын фабрикаттар – 0,7%-ға арзандады. Республикадан шығарылған минералды өнімдердің бағасы 4,6%, мұнай өнімдері – 6,5%, мұнай – 4,6%, көмір – 3,7% өсті, ал газ конденсаты – 1,8%-ға төмендеді. Шетелге шығарылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішінде темекі бағасы 5,6%, мақта – 5%, астық – 2,9%, жүн бағасы 1,7%-ға өсті, олардың төмендеуі балыққа 9,1%, сүт өнімдеріне – 1% және ұнға – 0,5%-ға белгіленді.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылғы қаңтарда 2007ж. желтоқсанмен салыстырғанда 100,4%. Достастық мемлекеттерінен – 100,9%, әлемнің басқа елдерінен – 99,9% құрады. Импортталынатын тауарлардан бағаның көтерілуі минералды өнімдерге 7,6%, қағаз және қатырма қағазға – 0,8%, машиналар және жабдықтарға – 0,7%, ал төмендеуі құрылыс материалдарына 2,5%, тоқыма және тігін өнімдеріне – 2,1%, сүрекке – 0,9%-ға тіркелді.

Ағымдағы жылғы наурызда өткен аймен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** 1,7%-ға өсті, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 1,4 пайыздық тармаққа көп. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы – 1,8%-ға жоғарылады, бұл өткен жылдың осы кезеңінде 0,5% болды. Мал шаруашылығы өнімінің баға индексі 101,5% құрады (2007ж. наурызда – 100%).

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-


	2008ж. наурыз				2008ж. қаңтар-наурыз 2007ж. қаңтар-наурызға
	2008ж. ақпанға	2007ж. наурызға	2007ж. желтоқсанға	2005 ж. желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	1,7	42,5	6,1	61,6	53,9
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	1,8	58,0	6,6	81,2	71,6
Мал шаруашылығы өнімдері	1,5	22,0	5,5	36,4	30,9

Өткен айда дәнді дақылдар бағасының өсім қарқынының баяулауы байқалды. Олардың бағасы ағымдағы жылғы наурызда 1,8%, ақпанда 2,8%-ға өсті. Бидай – 1,9%, арпа – 1,6%, қарақұмық – 1,2%, жүгері – 1%, күріш – 0,6%-ға өсті. Өткен айда көкөніс өнімдері бағасының өсімі 3,4%-ды құрады. Көкөніс өнімдерінің ішінде баға қиярға – 14,3%, ал қырыққабатқа – 5,7%, басты пиязға – 1,6%, қызылшаға – 1,1%, сәбізге – 0,6%-ға елеулі өсті. Бір айдың ішінде картоп 2,9%, бұршақ – 6,8%, күнбағыс тұқымы – 1,2%-ға қымбаттады.

Ағымдағы жылғы наурызда құс еті – 3,1%, ірі қара мал еті – 1,8%, қой еті – 1,5%, жылқы еті – 1,1% қымбаттады, ал шошқа еті – 1% арзандады. Жұмыртқаны өткізу бағасы алдыңғы айдағыдай 0,5%-ға төмендеді, ал сүтке 1,8%-ға өсті.

2007-2008 жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі


өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы наурызда ақпанмен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,3%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 100,9%-ды құрады. Құрылыс өндірісіндегі технологиялық құрылымның элементтерінің ішінен өткен айда баға құрылыс-монтаж жұмыстарына – 0,3%, технологиялық жабдықтарға – 0,5% -ға өсті (жыл басы кезеңінен, тиісінше – 0,8% және 0,7%).

2007-2008 жылдардағы құрылыстағы баға индексі

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Ағымдағы жылғы наурызда құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер және конструкциялар ішінен баға олифке 2,6%, құрылыс малтатасына, шамдар мен жарық беретін құрылғылар – 1,2-1,6%, қыш кірпіш, қож мақта – 0,7-0,8%, сүрек және олардан жасалған бұйымдар, әк, пісірілген су-газ өткізетін құбырлар, шойын ванналар – 0,3-0,5% өсті. Бағаның төмендеуі портландцементке 1,7%, ғаныш – 1,2%, табақты әйнек – 0,7%, бояулар – 0,2%-ға белгіленді.

Ағымдағы жылғы наурызда ақпанмен салыстырғанда **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** – 100,1%, желтоқсанмен – 100,4%-ды құрады.

Ағымдағы жылғы наурызда автомобильмен жүк жеткізу 1,1%, ТМД елдеріне – 2,6%, республика ішінде – 1,4%, қала маңы қатынасы – 1,1%-ға қымбаттады. Құбыр желісі көлігімен тасымалдау тарифтері – 0,1%-ға өсті, ал теміржол, әуе көлігі және су көлігі түрлерімен жүк тасымалдау қызметінің тарифтері өзгеріссіз қалды.

7. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

7.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ


Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2008 жылғы 1 наурызға мемлекеттік бюджет табыстары 562,6 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 87,7% құрады. Шығындар бойынша бюджеттің орындалуы 403,4 млрд. теңгені құрады немесе есепті кезеңдегі жиынтық жоспарға – 79,4%-ды құрады. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 69,4%-ға, ал шығындар 21,2%-ға өсті. Бюджет профициті (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 127,4 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (70,1%) алады. Бюджеттің негізгі қайнар көзі корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық болып табылады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы

пайызбен


01.03.2008ж.



2008 жылғы қаңтар-ақпанда мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында салықтық емес түсімдер – 2,7%, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 1,8%, трансферттердің түсімі – 25,4%-ды құрады.

Мемлекеттік бюджет табыстары (2007-2008жж. 1 наурыздағы жағдай бойынша)


млрд.теңге



Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге жұмсалған шығындар 2008 жылғы қаңтар-ақпанда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,7%-ға, білім беруге – 29,5%-ға және денсаулық сақтауға – 16,1%-ға артты.

Мемлекеттік бюджет шығындары
(2007-2008жж. 1 наурыздағы жағдай бойынша)

млрд. теңге



2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табытар 454,5 млрд. теңгені құрады. Шығындар 364,2 млрд. теңге сомада өндірілді. Бюджет профициті 76,5 млрд. теңге деңгейінде белгіленді. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 89,4%, ал шығындар 18,4%-ға артты.

Республикалық бюджет табыстарының 60,6% – салықтар, 3%–салықтан тыс түсімдер, 36,4%-ын трансферттер түсімдері құрады.


Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 24,9%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 13,9%, көлік және коммуникацияға – 13,4%, білім беруге – 6,4%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке– 3,1% және денсаулық сақтауға – 2,6% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыстар 279,2 млрд. теңгені, шығындар 210,2 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда табыстар 29,5%, шығындар – 41,5%-ға өсті. Бюджет профициті 59 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

7.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2007 жылғы IV тоқсанда зерттеуге қатысқан 1244 ірі және 3678 орта кәсіпорындардың салық салуға дейінгі пайдасы 1107,9 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 47,5%-ға немесе 357,1 млрд. теңгеге өсті.


Орта және ірі кәсіпорындардың қаржылық нәтижесінің серпіні



Кәсіпорындардың жалпы пайдалылығы 34,9% құрады. Шикі мұнай мен табиғи газ (155,7%) және отын-энергетикалық пайдалы қазбалардың (137,0%) барлауымен айналысатын кәсіпорындар ең пайдалы болып табылады.

2007 жылғы IV тоқсанда кәсіпорындар шығыстарының жалпы сомасы 2938,6 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес көрсеткіштен 19,3%-ға жоғары.


Ірі және орта кәсіпорындар шығыстарының құрылымы



Есепті кезеңде 1991 кәсіпорын (кәсіпорындардың жалпы санының 40,5%-ы) 121,3 млрд. теңгенің сомасында зиян шекті, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 16,7%-ға жоғары, мұның өзінде зиян шеккен кәсіпорындардың саны 16 бірлікке азайды.

Табысты болған және зиян шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі

пайызбен




Орта және ірі кәсіпорындардың өзара есеп айырысуларының жағдайы

2008 жылғы 1 қаңтарға республиканың кәсіпорындарында міндеттемелер бойынша берешек 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,2 есеге өсіп, 10735,6 млрд. теңгені құрады, соның ішінде мерзімі өткен берешек жалпы міндеттемелер көлемінің 0,8%-ы (84,6 млрд. теңге) деңгейінде қалыптасты.


Ірі және орта кәсіпорындардың дебиторлық берешегі және міндеттемелер бойынша берешектің серпіні

млрд. теңге



Міндеттемелер бойынша берешектің құрылымында ең көп үлес салмағы жеткізушілер мен мердігерлер берешегіне – 21,1% және банктердің қарыздарына – 18,5% келеді. Міндеттемелер бойынша берешектің негізгі үлесі (72,3%) ірі кәсіпорындарға келеді.

Негізгі экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде міндеттемелер бойынша берешектің бөлінуі



Кәсіпорындар бойынша тұтастай дебиторлық берешек 2006 жылғы IV тоқсанға қарағанда 25,1%-ға өсіп, 4751,7 млрд. теңгені құрады, соның ішінде мерзімі өткен дебиторлық берешек 158,0 млрд. теңгені құрады, бұл берешектің жалпы сомасының 3,3%-ы. Дебиторлық берешектің құрылымында негізгі көлем – 44,3% (2102,8 млрд. теңге) – сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегіне тиіс.

7.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2008 жылғы ақпанның соңына ақша базасы (резервтік ақшалар) 1579,5 млрд. теңге (2007 жылғы ақпанның соңына – 1588 млрд. теңге) сомасында анықталды және ағымдағы жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,6%-ға өсті. Ақша базасының құрамында Қазақстанның Ұлттық Банкінен (ҚҰБ) тыс қолма-қол ақшалар және екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлттық Банкіндегі басқа ұйымдардың депозиттері тиісінше 790 млрд. теңге мен 789,5 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде тиісінше – 698,6 млрд. теңге және 889,4 млрд. теңге) құрады.


Айналымдағы қолма-қол ақша (М0) 2008 жылғы ақпанның соңына 2008 жылғы қаңтармен салыстырғанда 1%-ға – өсті және 683,9 млрд. теңгені құрады.

Ақша базасы (М3) ағымдағы жылғы ақпанның соңына өткен аймен салыстырғанда 1,2%-ға өсті және 4651,5 млрд. теңгені (2007 жылғы ақпанның соңына – 3794 млрд. теңге) құрады.

Екінші деңгейдегі банктердегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы ақпанның соңына 3967,5 млрд. теңге сомасында (2007 жылғы ақпанның соңына – 3180,7 млрд. теңге) белгіленді. Ұлттық валютадағы депозиттер өткен аймен салыстырғанда 1,1%-ға өсіп, 2605,5 млрд. теңгені, шетел валютасындағы депозиттер 1,6%-ға өсіп, 1362 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы ақпанда жеке тұлғалар депозиттері 1455,4 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде – 1077,4 млрд. теңге) құрады, бұл депозиттердің жалпы сомасының 36,7%-ын алады.

2007-2008 жылдардағы ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер


кезең соңына, млрд. теңге



Ағымдағы жылғы ақпанның соңына екінші деңгейдегі банктер кредиттері 7239,5 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде – 5027,1 млрд. теңге) құрады және бір айда 0,1%-ға азайды. Аталған кезеңде 2008 жылғы қаңтармен салыстырғанда банктік емес заңды тұлғаларға берілген кредиттер сомасы 0,2%-ға өсіп, 4696,2 млрд. теңге, жеке тұлғаларға тиісінше – 0,6% азайып және 2543,3 млрд. теңгені құрады.

2007 және 2008 жылдардың ақпанындағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



2008 жылғы ақпанның соңына ұзақ мерзімді кредиттер сомасы (бір жылдан астам) 5837,6 млрд. теңгені (2007 жылғы ақпанның соңына – 3767,8 млрд. теңге) құрады және ағымдағы жылғы өйткен аймен салыстырғанда 0,4%-ға өсті. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 80,6% (2007 жылғы тиісті кезеңде – 75%) құрады.


Кредиттеу объектілері бойынша ең үлкен үлесті айналым қаражаттарын сатып алуға берілген кредиттер – 25,3% (1833,1 млрд. теңге), ең аз үлесті құнды қағаздарды сатып алуға берілген кредиттер – 1,6% (114,2 млрд. теңге) алады. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер – 17,2% (1248,7 млрд. теңге), жаңа құрылыс және қайта құруға – 12,5% (901,9 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,5% (830,8 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 11,4% (823 млрд. теңге), басқа мақсаттарға – 20,5% (1487,8 млрд. теңге) құрады.

2008 жылғы ақпанның соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері 1480,1 млрд. теңгені құрады, бұл өткен айға қарағанда 1,3%-ға аз. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20,4%-ын (2007 жылғы тиісті кезеңде – 18,4%) құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылғы ақпанда жеке тұлғаларға шетел валютасын айырбастау пункттерімен сату көлемі оны сатып алу көлемінен: еуро бойынша – 2,7 есеге, АҚШ доллары бойынша – 2 есеге, ресей рублі бойынша – 1,6 есеге асып түсті. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда азайды, АҚШ доллары бойынша – 9,1%, еуро бойынша – 6,7%, ал ресей рублі бойынша – 5,2% өсті.

2007-2008 жылдардағы АҚШ доллары және еуроның ресми айырбастау бағамдары

кезең соңына, валюта бірлігіне теңгемен




ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшермесі 2007 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2%-ға өсіп, жылдық 11% деңгейінде белгіленді.

7.4 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің деректері бойынша 2007 жылғы төртінші тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша теріс сальдо – 1935,1 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2006 жылғы қазан-желтоқсанда нәтиже теріс мәнді болып, 1943,8 млн. АҚШ долларын құрады). Бұл қызметтер бойынша 1474-тен 2309,9 млн. долларға, табыс бойынша 2652,3-тен 4045,5 млн. долларға операциялардың теріс нәтижесінің өсуімен, ағымдағы трансферттер бойынша 526,4-тен 522,1 млн. долларға дейін төмендеуімен, сондай-ақ тауар бойынша 2709-дан 4942,5 млн. долларға дейін оң нәтижелердің өсуімен түсіндіріледі.

Тауар айналымы (ф.о.б. бағасында) 2007 жылғы төртінші тоқсанда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 34,7%-ға өсіп, 23317,9 млн. долларды құрады. Тауар айналымында импорт – 39,4% (9187,7 млн. доллар), экспорт – 60,6% (14130,2 млн. доллар) алады. ТМД елдерінен көрсетілген кезеңде тауарлар импортының көлемі – 16,8%, экспорт – 44,5%-ға өсті. Алыс шет елдерден, тиісінше, 34,8% және 40,5%-ға өсті.

2006 және 2007жж. импорт және экспорт көлемі



Көрсетілген қызметтер көлемі 2007 жылғы қазан-желтоқсанда 989,3 млн. долларды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 33,5%-ға көп. Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінде көліктік қызметтер – 50,5%, сапарлар бойынша қызметтер – 24,9%, өзге де қызметтер – 24,6% алады.

Импортталатын қызметтер көлемі 3299,2 млн. доллар сомасында белгіленді, оның ішінде көліктік қызметтер – 578,6 млн. доллар, сапарлар бойынша қызметтер – 263,2 млн. доллар, өзге де қызметтер – 2457,4 млн. доллар.

2007 жылғы төртінші тоқсанда өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда инвестициялардан және жұмыс істейтіндерге өтемақйдан түскен табыс 1,7 есеге өсіп, 818,9 млн. доллар, ал көрсетілген баптар бойынша төлемдер – 4864,4 млн. доллар (2006 жылғы қазан-желтоқсанда – 3147,1 млн. доллар) құрады.

Қаржы операцияларының шоты 2007 жылғы қазан-желтоқсанда оң мәнді болып – 997,9 млн. доллар (2006 жылғы қазан-желтоқсанда – 2304 млн. доллар) көлемінде қалыптасты.

Тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо 3463,8 млн. долларды (2006 жылғы төртінші тоқсанда 2007,3 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде шетелдегі тікелей инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі теріс болып – 599,5 млн. долларды, ал Қазақстанда оң болып – 4063,4 млн. долларды құрады.

2007 жылғы төртінші тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған таза операциялар теріс мәнді болып – 2803,5 млн. доллар (2006 жылы теріс – 1435,2 млн. доллар) болды.

Төлем балансының «Басқа да инвестициялар» бабы бойынша жүргізілген операциялардың нәтижесі теріс болып – 1271,9 млн. долларды (2006 жылғы төртінші тоқсанда оң мәнді – 6898,8 млн. доллар) құрады. Активтер мен пассивтер көлемінде операциялардың көп бөлігі валюта мен депозиттерге байланысты операцияларға келеді, тиісінше 2623,6 млн. доллар және 934 млн. доллар сәйкесінше.

Қазақстанның резервтегі активтерінің өзгеруі 2007 жылғы қазан-желтоқсанда оң болды және 1641,6 млн. долларды құрады.

8. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҒЫ ТӨЛЕУ

8.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2008 жылғы I тоқсанда (алдын ала деректер бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 5,1 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 242,1 мың адамға (4,9%-ға) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 4,1 млн. адам (80,7%), жеке тұлғаларда 0,6 млн. адам (12%), шаруа (фермер) қожалықтарында 0,4 млн. адам (7,3%) жұмыс істеді.

2008 жылғы ақпанда ірі және орта кәсіпорындарда 2,9 млн. адам жұмыс істеді немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 56,7%-ы. Бұл өткен жылдың тиісті айына қарағанда 127,2 мың адамға немесе 4,6%-ға көп.


2008 жылғы ақпанда жұмыс күшінің ағыны өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда жүзеге асыру саласында білім беруде – 25,9 мың адам (4,7%), саудада – 21,3 мың адам (23%), денсаулық сақтауда – 16,5 мың адам (6%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 15,1 мың адам (8,6%), қаржы қызметінде – 12,4 мың адам (21,5%), көлік және байланыста – 12,4 мың адам (4,8%), өнеркәсіпте – 11,1 мың адам (1,6%), құрылыста – 4,3 мың адам (1,9%) байқалды.

2008 жылғы ақпанның соңында ірі және орта кәсіпорындарда 28,8 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 1%). Бұл 2007 жылғы ақпанға қарағанда 5,9 мың бірлікке (25,6%) көп. Ең көп бос жұмыс орны саны өнеркәсіпте – 7056 бірлік (олардың жалпы санының 24,5%-ы), мемлекеттік басқаруда – 6811 бірлік (23,6%) сақталды. Аталған кезеңде денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетуде саласында бос жұмыс орны – 3083 бірлікті (10,7%), көлік және байланыста - 2734 бірлікті (9,5%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 2726 бірлікті (9,5%), қаржы қызметінде – 1650 бірлікті (5,7%), құрылыс ұйымдарында – 1236 бірлікті (4,3%) құрады.

2008 жылғы ақпанда қаңтармен салыстырғанда бос жұмыс орындары санының артуы денсаулық сақтауда – 919 бірлікке (42,5%), құрылыс ұйымдарында - 744 бірлікке (30,9%), қаржы қызметінде – 420 бірлікке (34,1%), саудада – 246 бірлікке (28,4%), білім беру саласында - 107 бірлікке (14,7%) анықталды.

Аталған кезеңде бос жұмыс орындары санының азаюы өнеркәсіпте – 416 бірлікке (5,6%), көлік және байланыста – 331 бірлікке (10,8%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 170 бірлікке (5,9%) байқалды.

2006-2008 жылдардағы ірі және орта кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарының саны



8.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ


2008 жылғы бірінші тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны (алдын ала деректер бойынша) 8,3 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 221,7 мың адамға (2,7%-ға) көп.

Республика экономикасында 7,8 млн. адам жұмыс істеді. 2007 жылғы бірінші тоқсанға қарағанда олардың саны 271,9 мың адамға немесе 3,6%-ға өсті. Ерлер 4 млн. адамды құрады немесе жұмыс істейтіндердің жалпы санының жартысынан астамы, әйелдер – 3,8 млн. адам немесе 48,7%. Жұмыс істейтіндер құрылымында жалдамалы қызметкерлердің үлесі 66,2%, өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 33,8% құрады.

2008 жылғы бірінші тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір болған 15 жастағы және одан асқан адамдар) 573,8 мың адамды құрап, өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 50,2 мың адамға немесе 8%-ға азайды. Жұмыссыздық деңгейі 6,9% (2007 жылғы бірінші тоқсанда – 7,7%) болды.

Жұмыссыздардың жалпы санында ерлер 231,6 мың адамды (40,4%), әйелдер – 342,2 мың адамды (59,6%) құрады.

2007-2008 жылдардағы жұмыссыздар саны және жұмыссыздық деңгейі



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша жұмысқа орналасу мәселесі жөнінде уәкілетті органдарға 2008 жылғы бірінші тоқсанда 61 мың адам өтінішпен келді, ағымдағы жылғы наурызда – 19,8 мың адам, ауыл тұрғындары – тиісінше, 25,6 мың және 8,7 мың адам.

Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдары есебінде тұрған азаматтардың саны 2008 жылғы наурыздың соңында 62 мың адамды құрады, бұл өткен айға қарағанда 2,4 мың адамға (3,8%-ға), 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 16,1 мың адамға (20,6%-ға) аз. Тіркелген жұмыссыздардың жалпы санында әйелдер – 41,9 мың адамды (67,6%) құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 0,8% (2007 жылғы наурызда – 1,0%) құрады.


Ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда 44 мың адам жұмысқа орналастырылды немесе өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 2,4 мың адамға (5,7%-ға) көп. Өтінішпен келгендер санының 91,9%-ы жұмысқа тұрды. Кәсіби даярлауға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға 5,1 мың адам жіберілді, қоғамдық жұмыстарға – 30,4 мың адам қатысты.

2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 13 кәсіпорын түрлі себептермен өндірісін толық тоқтатты, 65 кәсіпорын – жартылай тоқтатты, 8 кәсіпорын – толық емес жұмыс уақыты режиміне толық көшті, 35 кәсіпорын - толық емес жұмыс уақыты режимінде жартылай жұмыс істеді. Демалысқа шығуға мәжбүр болған қызметкерлер саны наурызда 7,6 мың адамды құрады.

8.3 ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ

2008 жылғы ақпанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 54612 теңге құрап, өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда 19,5%-ға, нақты көріністе – 0,6%-ға өсті.

2007-2008 жылдары Қазақстан Республикасындағы еңбекақы




Жалдамалы жұмыспен қамтылған қызметкерлер еңбекақысының артуы 2008 жылғы ақпанда 2007 жылғы тиісті аймен салыстырғанда экономика қызметінің барлық саласында байқалады. Еңбекақы төлеудің ең жоғарғы деңгейі экономиканың қаржы мен өндірістік саласында сақталады. Қаржы құрылымындағы бір қызметкердің жалақысы 2008 жылғы ақпанда 122,7 мың теңге, кен өндіру өнеркәсібінде – 87,7 мың теңге, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 82,5 мың теңге, көлік пен байланыста – 73,1 мың теңге, құрылыста – 70,8 мың теңге құрады, бұл орташа республикалық деңгейден 1,3-2,2 есе асып түсті.

Білім беру саласындағы қызметкерлердің орташа жалақысы ағымдағы жылғы ақпанда 32889 мың теңге болып қалыптасты, бұл республика бойынша орта есеппен 39,7%-ға аз, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсетуде – тиісінше 33439 теңге және 38,7%-ға. Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 23536 теңге сақталады, бұл ел бойынша көрсеткіштен орта есеппен 56,9%-ға аз.

Ең жоғары және ең төмен жалақы арасындағы алшақтық 2008 жылғы ақпанда 5,2 есені (2007 жылғы ақпанда – 6,3 есе) құрады.

2007-2008 жылдары экономика секторлары бойынша жалақы



теңге


9. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

9.1 АҚШАЛАЙ ТАБЫС

2008 жылғы ақпанда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 28201 теңгені құрады, бұл 2007 жылғы ақпанымен салыстырғанда 22,3%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 3,0%-ға артты.

2008 жылғы ақпандағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

өткен жылғы тиісті айға пайызбен




10. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

10.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылғы 1 наурызда еліміздегі халық саны ағымдағы деректер бойынша 15599,4 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық – 8257,1 мың (52,9%) және ауылдық – 7342,3 мың (47,1%) адам. Жыл басымен салыстырғанда 33,7 мың адамға немесе 0,2%-ға өсті. Осы кезең ішінде халық санының өсуі Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлерде байқалды.

Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда республика халқының табиғи өсімі 31303 адам құрады (24440 адам – осы жерде және бұдан әрі жақшаларда 2007 жылғы қаңтар-ақпандағы көрсеткіштер келтірілген). Ағымдағы жылғы 1 наурызға 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 10,6 (9,5) адам құрады.

Халықтың табиғи қозғалысы



Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда АХАЖ органдары 60802 (54376) туу тіркеді. Ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі балалардың туу және өлу жағдайын тіркеуді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған критерийлерге сәйкес жүргізеді. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 20,8 (19,9) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 12,7-ден 30-ға дейін туғандар аралығында.

Осы кезең ішінде еліміз бойынша тіркелген өлім саны 29499 (29936) адам құрады. Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 10,2 (10,4) өлгендерді құрады. Еліміздің өңірлері бойынша өлімнің деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 6,1-ден 14,0-ге дейінгі аралықта.

Халық өлімі себептерінің негізгі топтарының арасында ең көп үлес салмағын, әдеттегідей, қан айналымы жүйесі аурулары алады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 53,2%-ы (54,4%) тиесілі, жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттану – 11,7% (12,6%), жаңа өскіндер – 10,9% (10,7%) құрады.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлгендердің жалпы санында жүректің ишемиялық аурулары мен ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер санының үлес салмағы едәуір – тиісінше 46,2% (45,3%) және 24,3% (23,0%).

2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда кісі өлтіру және өзін-өзі өлтіргендер саны тиісінше 15,4% және 9,5%-ға азайды, сондай-ақ барлық жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан жол-көлік оқиғаларынан (ЖКО) өлгендер саны 12,2%-ға азайды.


Осы кезең ішінде елімізде 1 жасқа дейінгі 1254 (758) бала өлімі тіркелді. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға шаққанда 15,8 (14,0) өлгендерді құрады. Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар, одан ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда 649 (389) нәресте өлген немесе 1 жасқа дейінгі барлық өлгендердің жалпы санының 51,8%-ы (51,3%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда некелер мен ажырасулар саны азайды және тиісінше 16951 (17982) және 5662 (6075) құрады. Неке мен ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 9,4 (9,0) некені және 2,3 (2,4) ажырасуды құрады. 1000 некеге шаққанда 334 (338) ажырасудан келеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда халықтың көші-қонының оң айырмасы 2422 (3872) адам құрады, оның ішінде ТМД елдерімен – 1328 (2678) адам. Осы кезең ішінде республикаға 6592 (8014) адам келді, ал одан тысқары – 4170 (4142) адам кетті.

Халықтың сыртқы көші-қоны

адам



Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда Қазақстанға келгендер саны 2007 жылдың қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 1422 адамға немесе 17,7%-ға азайды, ал Қазақстаннан кеткендер саны 28 адамға немесе 0,7%-ға артты. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі келгендер мен кеткендердің жалпы санынан тиісінше 79,5% және 93,8% (79,9% және 89,9%) құрады.

Қазақстанға шетелден келетін көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарына қоныстанады, ал Қазақстаннан тысқары негізінен Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарынан қоныс аударады.

Республикаға келгендердің көші-қон ағымы құрылымындағы этностық сипаты бойынша айтарлықтай бөлікті қазақтар алады, олардың үлесіне 69,6% (76,4%) келеді, орыстар 18,4% (13,6%), немістер 1,5% (0,8%) құрады. Қазақстаннан тыс кеткен көшіп-қонушылардың жалпы санының үлесінде 70,0% (65,5%) орыстарға, 6,0% (7,8%) – қазақтарға, 5,1% (7,5%) – немістерге келеді.

Ел ішіндегі қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 54694 адам құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-ақпанға қарағанда 8412 адамға немесе 18,2% көп. Оның ішінде 24115 (19831) адам немесе 44,1% (42,8%) – халықтың өңіраралық көші-қонына келеді.

Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырмасы елдің 4 (6) өңірінде байқалды, оның ішінде шамасы бойынша ең көбі Алматы және Астана қалаларында – тиісінше 3985 (3226) және 3511 (1853) адам. Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпанында ең көп келгендер Алматы қаласында (7,0 мыңнан аса адам), Астана қаласында (4,7 мың) және Алматы облысында (2,7 мың адам) тіркелген.


10.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2008 жылғы қаңтар-ақпанда 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда аш ішектің қабынуымен (2,8 есеге), қызамықпен (1,6 есе), өзге бактериялық жұқпасымен (19,1%-ға), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (18,6%), алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (12,9%), ішектің өткір жұқпасымен (10,6%), сальмонеллез жұқпаларымен (9%) ауырғандар санының өскені байқалды. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 24 оқиғаны құрады; 378 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (өткен жылғы сәйкес кезеңде – 308) анықталды.

Ағымдағы жылдың қарастырылып отырған кезеңінде тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 7803 оқиға), ішектің өткір жұқпасы (146,4), тыныс органдарының туберкулезі (127), вирустық гепатит (62,5), мерез (53,6), битшеңдік (37,1) және қышыма (19,4) болды.

2007-2008 жж. қаңтар-ақпандағы ең көп таралған ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірлік



14 жасқа дейінгі балалар арасында аш ішектің қабынуымен (2,8 есеге), қызамықпен (1,6 есе), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (23,2%-ға), басқа да тамақтан бактериялық уланулармен (21,8%), ішектің өткір жұқпасымен (15,3%) ауырғандар саны көбейген. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 1 оқиғаны құрады, 11 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушы (2007 жылғы қаңтар-ақпанда – 10) анықталды.

2008 жылғы ақпанда 2007 жылғы ақпанмен салыстырғанда аш ішектің қабынуымен (3 есеге), қызамықпен (2,2 есе), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (1,5 есе), өзге ішектің бактериялық жұқпасымен (1,2 есе), алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (11,5%-ға), нақтыланбаған ішектің бактериялық жұқпасымен (8,6%) ауырғандар саны өскен. 193 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2007 жылғы ақпанда – 152) анықталды. Ауылдық жерлерде осы ай ішінде қызамықпен (9,6 есеге), аш ішектің қабынуымен (3,6 есе), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (1,9 есе), нақтыланбаған ішектің бактериялық жұқпасымен (1,6 есе), өзге ішектің бактериялық жұқпасымен (1,4 есе) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 38 оқиғаны (2007 жылғы ақпанда – 41) құрады.

10.3 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2008 жылғы қаңтар-ақпанда тіркелген қылмыстардың саны 2007 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 2,3%-ға азайып, 21,0 мыңды құрады, олардың 28,4% әйелдерге, 4,8% – көмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 82 оқиғаны құрады.


Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы қылмыстарға (67,2%) келеді. Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (41,5 %) тиесілі болып отыр, ол 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,4%-ға көбейген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы жасалған қылмыстардың (12%) азаюы байқалды, бірақ оның үлесі шамалы (1,3%) төмендеп, 8,1% құрады. Бұл топта ең жоғары үлес (7,9%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 10,9%-ға азайған. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз өзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 6,4%-ға азайып, 903 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 81,3% құрады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың үлесі 6%, жеке адамға қарсы қылмыстардың үлесі 5,7% құрады. Жеке адамға қарсы қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталу (18,7%-ға), денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру (14,3%), сонымен бірге денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (17,8%) оқиғаларының саны азайған.

2008 жылғы қаңтар-ақпандағы қылмыстылық құрылымы

пайызбен



Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстар саны 10,3%-ға азайып, 375 оқиғаны құрады.

Көлік қылмыстарының саны 3,8%-ға, әскери қылмыстар саны 28,8%-ға өсті. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың әскери қызметкерлер жасаған қылмыстар 29,8%-ға өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 33% – билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 2,3% – бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету құрайды.

Есепті кезеңде тергелген қылмыстар бойынша республикада тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 8007,3 млн. теңге болды, оның 87,9%-ы – экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға, 10,9%-ы – меншікке қарсы қылмыстарға келеді.


Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 11193 адамды анықтады (2007 жылғы қаңтар-ақпандағыдан 2,5%-ға аз), 8528 адамды қылмыстық жауапқа тартты, бұл 2007 жылдың сәйкес кезеңінен 1,3%-ға көп. Қылмысы әшкереленген адамдардың 11,5%-ы – әйелдер, 9,4%-ы – кәмелетке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 2,7% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 8,4% құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір оныншы қылмыскер қылмысты – мас күйінде, әрбір үшінші – топ құрамында жасаған. Қылмыс жасап, анықталған адамдардың ең көп бөлігін жұмыссыздар (74,5%) құрайды.

11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі республиканың 10 өңірінде байқалды. Ең көп өсімге Атырау (17,6%), Павлодар (8,6%), Батыс Қазақстан (8,4%) және Жамбыл (7,9%-ға) облыстары қол жеткізді. Мұның өзінде 5 өңір өнеркәсіп өндірісінің республикалық деңгейінен асып түсті. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің төмендеуі Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында байқалды. Қостанай облысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейде сақталды.

**2008 жылғы қаңтар-наурызда өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (төмендеуі)
2007 жылғы қаңтар-наурызға %-бен**



Шикі мұнай өндіру Атырау (20,1%), Жамбыл (17,6%) және Батыс Қазақстан (7,4%-ға) облыстарында өсті. Қызылорда облысында ол 2,3%-ға төмендеді.

Газ конденсатын өндіру Маңғыстау (70,6%), Жамбыл (17,6%) және Батыс Қазақстан (7,4%-ға) облыстарында өсті.

Қостанай облысында темір-кенті шекемтастар өндірісі 9,5%-ға төмендеді.

Мыс кенін өндіру Шығыс Қазақстан 27,3% облысында өсті, ал Қарағанды және Ақтөбе облыстарында оны өндіру, тиісінше 8,6% мен 35,6%-ға төмендеді.

Болат қорыту Қостанай (29,9%), Павлодар (26,7%) және Шығыс Қазақстан (10,9%) облыстарында өсті, ал Қарағанды облысында оның өндірісі 3,9%-ға төмендеді.

Өңделмеген мырыш өндіру Шығыс Қазақстан облысында - 0,2%-ға өсті, ал Қарағанды облысында - 16,8%-ға төмендеді.

Тазартылған мысты қорыту Алматы қаласында (38,8%) және Қарағанды облысында 15,6%-ға төмендеді.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 1,7 есе өсті.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Батыс Қазақстан (38,6%), Оңтүстік Қазақстан (38,3%), Ақтөбе (34,8%), Алматы және Маңғыстау (әрқайсысында 14,6%) облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында тиісінше 15,4% және 34,7% байқалды, елеулі төмендеуі Шығыс Қазақстан (10,8%-ға) облысында тіркелді.

Сары май өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Батыс Қазақстан (10,7 есе), Қызылорда (2 есе) және Солтүстік Қазақстан (1,5 есе) облыстарында байқалды.

Осы уақытта сары май өндіру көлемінің айтарлықтай кемуі Оңтүстік Қазақстан (80,0%) және Қарағанды (63,6%-ға) облыстарында тіркелді.

Тазартылған күнбағыс майын өндіру Алматы қаласында (9,9%) өсті. Оның өндірісінің елеулі төмендеуі Оңтүстік Қазақстан (63,3%), Қостанай (59,3%) және Шығыс Қазақстан (41,2%) облыстарында, ең аз төмендеуі Ақтөбе облысында (6,9%-ға) төмендеді.

Жеміс және көкөніс шырындарының өндірісі Қостанай (21,1%) және Алматы қаласында (12,0%) өсті. Оның өндірісінің едәуір төмендеуі Алматы (60,3%) облысында және Астана қаласында (81,6%-ға) тіркелді.

Ауыл шаруашылығы. 2008 жылғы 1 сәурдегі жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда тұтастай алғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында ірі қара мал (3,9%), қой мен ешкі (6,1%), жылқы (6,2%) және түйелер (5,0%-ға) саны өсті.

2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі Ақмола мен Маңғыстау облыстарынан басқа барлық облыстарда байқалды. Ет өндіру көлемінің ең жоғарғы өсіміне Павлодар (8,3%), Солтүстік Қазақстан (7,8%), Қарағанды (5,4%), Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан (әрқайсысында 5,3%-ға) облыстары қол жеткізді. Оның өндірісінің төмендеуі Ақмола (2,3%), және Маңғыстау (4,3%-ға) облыстарында байқалды. Астана мен Алматы қалаларында ет өндіру көлемі 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейде сақталды.

2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда сүт өндірісінің өсуі Алматы қаласынан басқа республиканың барлық облыстарында байқалды. Сүт өндіру көлемінің аса жоғарғы өсімі Астана қаласында (33,3%), Оңтүстік Қазақстан (10,4%), Ақтөбе (6,8%), Қызылорда (5,4%) және Қостанай (5,0%-ға) облыстарында тіркелді. Маңғыстау облысында сүт өндіру көлемі 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейде сақталды.

2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің өсуі Қазақстанның 11 өңірінде байқалды. Өсімнің айтарлықтай жоғарғы қарқыны Маңғыстау (2 есе), Батыс Қазақстан (22,2%), Ақмола (14,4%) және Оңтүстік Қазақстан (10,2%-ға) облыстарында және Алматы қаласында 40,0%-ға болды. Оның едәуір төмендеуі Қызылорда (57,3%), Шығыс Қазақстан (11,2%) және Солтүстік Қазақстан (8,8%-ға) облыстарында байқалды.

Инвестициялар. 2008 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялар (жете бағалау есебімен) 619,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 16,0%-ға көп.

Инвестицияның өсуі республиканың 11 өңірінде байқалды. Айтарлықтай өсуі Ақмола (64,9%), Батыс Қазақстан (64,1%), Қызылорда (60,5%) және Қарағанды (57,6%) облыстарында, сондай-ақ, Астана қаласында (40,4%-ға) тіркелді. Жоғарғы өсу қарқыны Павлодар, Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында байқалды. Инвестициялар көлемінің ең едәуір төмендеуі Жамбыл (20,4%) және Маңғыстау (11,4%) облыстарында тіркелді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру. 2008 жылғы қаңтар-наурызда тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі өткен жылғы осы кезеңдегі деңгейден республиканың 6 өңірінде асып түсті.

Аса белсенді тұрғын үй құрылысы Астана қаласында (өсім 1,7 есе), Шығыс Қазақстан (2,4 есе) және Ақмола (1,9 есе) облыстарында жүргізіліп жатыр.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі республиканың 9 өңірінде төмендеді. Тұрғын үй құрылысының ең жоғары төмендеуі Павлодар (47,3%), Оңтүстік-Қазақстан (42,7%), Солтүстік Қазақстан (40,7%), Қызылорда (26,6%) және Қостанай (20,8%-ға) облыстарында байқалды.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2008 жылғы қаңтар-наурызда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 501,3 млрд. теңгені құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) 4,3%-ға өсті.

